





# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№2 5 қараша 2020 жыл бейсенбі

## “Дәстүр мен ғұрып” жобасы 9



20.10.2020 ж. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Дәстүр мен ғұрып" жобасы бойынша, колледжінің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Ұлттық киім - ұрпаққа мұра" тақырыбында сурет байқауы өтті.



24.10.2020 ж. колледждің "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Дәстүр мен ғұрып" жобасы бойынша "Қазақ халқының салт-дәстүрлері" тақырыбында 101 топ студенттерімен, онлайн тәрбие сағаты өткізілді.




20.10.2020 ж. "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында "Дәстүр мен ғұрып" жобасы бойынша, тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Тазалық-саулық негізі, саулық - байлық негізі" тақырыбында танымдық сағат өтті.

## «Вирусқа жол жоқ» челлендж 10



29.10.2020 ж. колледждің ұжымы жамбылдық журналистердің коронавирусқа қарсы жаңа бастамасын қолдайды. #Бетперденді тастама#Вирусқа жол жоқ челленджі жалғасты.


## Кездесу 11



08.10.2020 ж. «Мейіргер ісі» бөлімі 203 топ студенттерімен «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» атты тақырыпта ZOOM платформасында ардагер ұстаздармен онлайн кездесу өткізілді. Топ кураторы: Құдайбергенова А.К.



14.10.2020 ж. колледждің тәрбие бөлімі мен "Елу жылда - ел жаңа" ұйымымен бірлесе отырып, "Жер жұмағы-ен дала, ел сұлуы - қыз бала" тақырыбында мамандармен кездесу өтті.




04.11.2020 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің "Дін проблемаларын зерттеу орталығының" маманы Қ.Б.Алпысбаеваның және тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 20 қазан-20 қараша аралығында "Бала құқығы- адам құқығы" дүниежүзілік балаларды қорғау күні аясында "Имандылық-жүрекке ұяласа" тақырыбында 109 топ студенттерімен кездесу өтті.


## Құттықтаймыз! 12



"Педагогикалық старт-2020" облыстық жас мамандар байқауына қатысып шығармашылықпен танылған колледж оқытушысы Бөпева Асель Абдыкулқызы "Іскер педагог" номинациясымен марапатталынды.



26.10 - 30.10.20 ж. аралығында өткен "Сыбайлас жемқорлық - бізге жат" облыстық жастар акциясына қатысып, колледж жүлделі 3 орынды иеленді.



09.10.2020ж. Колледж және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Жамбыл облысы бойынша "Жамбыл - адалдық алаңы"үздік отбасыларын анықтау мақсатында ұйымдастырылған "Парасатты отбасы" байқауында, "Интеллектуалды отбасы" номинациясын иеленіп, облыстық байқауға 207 топ студенті А.Исламованың жанұясы жолдама алды.



№2 5 қараша 2020 жыл бейсенбі

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

ҚР Президентінің жолдауын түсіндіру 1

Онлайн режиміндегі отырыс 2

Тренинг 3

«Сыбайлас жемқорлық бізге жат» 4

Байқау 5

Интеллектуалды ойын 6

«Бүкіләлемдік қол жуу күні» 7

Құқық бұзушылықты алдын алу 8

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы 9

«Вирусқа жол жоқ» челлендж 10

Кездесу 11

Құттықтау! 12

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№2 5 қараша 2020 жыл бейсенбі



## ҚР Президентінің жолдауын түсіндіру 1



27.10.2020 ж. “Nur Otan” партиясы Тараз қалалық филиалы жанындағы “Jas Otan” Жастар қанатының басшысы М.Нүрділлаұлының ұйымдастыруымен колледжде Қ.Тоқаевтың “Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс - қимыл кезеңі” тақырыбында халыққа жасаған жолдауын оқытушылар мен жастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

## Онлайн-режиміндегі отырыс 2




29.10.2020 ж. «Фармация» мамандығы бойынша онлайн режимінде ОӘБ кезекті отырысы өткізілді. Күн тәртібінде Батыс-Қазақстан жоғары медициналық колледжі "Кредитті-модульды оқыту технологиясы бойынша фармацевттерге білім беруде интерактивті технологияларды қолдану" және Ақтөбе жоғары медициналық колледжі "Дәрілік заттардың технологиясы" пәні бойынша ашық сабақтың үздік әдістемелік әзірлемесін анықтаудағы сайыс нәтижелерінің қорытындысы, сонымен қатар Шымкент жоғары медициналық колледжі әртүрлі сұрақтарды талдау бойынша баяндамаларды ұсынған болатын. ОӘБ онлайн отырысына "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова және фармацевтикалық пәндер оқытушылары қатысты.

## Тренинг 3



09.10.2020 ж. Студенттердің бойына адамгершілік құндылықтарға баулу, мейірбандыққа тәрбиелеу, өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту мақсатында колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен "Мейірім шуағы" атты студенттермен тренинг өткізілді.

## “Сыбайлас жемқорлық бізге жат” 4




29.10.2020 ж. колледжде “Сыбайлас жемқорлық бізге жат” тақырыбында, тікелей эфирде заңгерлік кеңес алаңы өткізілді. Тікелей эфир қонақтары: оқу бөлімінің меңгерушісі Шужеева Ж.Л және колледж заңгері Нышанбеков Т.Н.

30.10.2020 ж. колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен “Сыбайлас жемқорлық бізге жат” тақырыбында суретшілер BATTLE өткізілді.



30.10.2020 ж. “Сыбайлас жемқорлық бізге жат” облыстық жастар акциясына “Парасаттылық мекені” тақырыбында 105 топ студенті Қуанышбай М. өз туындысынан өлең жолдарын жолдады.

## Байқау 5



30.10.2020 ж. №1 Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндері төрайымы Байбосынова К.Ж. және ЦӘК оқытушылардың ұйымдастыруымен «Адалдық — адамдықтың белгісі» тақырыбында I курс студенттері арасында шығарма байқауы өткізілді. Шығарма байқауының нәтижесі бойынша:  
I орын — Досмаилова Аяулым 103 М 9/20  
I орын — Сокурено Александра 117 ЛД 9/20  
II орын — Тасқұл Анель 106 М 9/20  
II орын — Жайлаубай Ұлдана 102 М 9/20  
II орын — Турдыматова Ситора 110 С9/20 топ студенттері марапатталды.  
III орын — Қайнар Дияс 114 ЕФ 9/20.

## Интеллектуалды ойын 6




19.10.2020 ж. колледж тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының туылғанына 175 жыл толуына орай, Ұлы ақынның даналығын, рухани асыл-мұраларын, өлеңдерін, әндерін насихаттау мақсатында "Абайдай бол." тақырыбында колледжішілік интеллектуалды ойын өткізді.



03.11.2020 ж. "Jas Otan" Жастар қанатының ұйымдастыруымен "Brain Ring" интеллектуалды ойыны болды. Мақсаты жастар арасында білімге деген құштарлықты арттыру және кітап оқуға деген

## «Бүкіләлемдік қол жуу» күні 7



22.10.2020 ж. колледжде COVID-19 вирустық жұқпасының таралуының алдын алу мақсатында 15 қазан “Бүкіләлемдік қол жуу” күніне орай, “Мейіргер ісі негіздері” пәнінің оқытушылары Мухажанова Р. Д., Байбуллекова А.Р. және “Альфа” роботының көмегі арқылы Жамбыл облысы тұрғындарына жеке бас гигиенасын сақтай отырып, қол жуудың кезеңдерін дұрыс орындауға шақырды.

## Құқық бұзушылықты алдын алу 8




07.10.2020 ж. колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ полиция капитандары А.Қ. Арысбаев және

А.Е. Асабаев колледж студенттерімен санитарлық талаптарды сақтау қоғамда орын алып жатқан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында "Құқықтық мәдениет-бала қауіпсіздігінің кепілі", "Абайлаңыз, балалар!", "Жылыту маусымындағы қауіпсіздік шаралары" тақырыбында I курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



16.10.2020 ж. колледж директорының ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен, колледж заңгері Нышанбеков Талас Нышанбекұлы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның ЮПБ УПИ аға инспекторлары, полиция капитандары Исметов Сұлтан Илесұлы және Узен Азамат колледж студенттерімен санитарлық талаптарды сақтай отырып, қоғамда орын алып жатқан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» және «Ата-ана жауапкершілігі» тақырыптарында колледж студенттерімен онлайн режимде кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



30.10.2020 ж. колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ УПИ аға инспекторы, полиция майоры Н. Батырханов ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 20 қазан-20 қараша аралығында "Бала құқығы-адам құқығы" Дүниежүзілік балаларды қорғау күні аясында "Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы" тақырыбында ата-аналар жиналсы өткізілді.

24.10.2020 ж. 20.10.-20.11.20 ж. аралығында "Бала құқығы - адам құқығы" Дүниежүзілік балаларды қорғау күні аясында тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Қылмыс қайдан шығады?» тақырыбында қашықтықтан дөңгелек үстел өткізілді. Қонақтары: «Қорғау» орталығының заңгері Б.Қ. Құрбанова мен ЖРО жастар ісі жөніндегі инспекторы Т.Ә.Тұрдалы колледж студенттерін құқықбұзушылықтар жасамауға шақырып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.